

23.01.2015 ж.

Солтүстік Қазақстан мектептеріне тұлғалар есімі берілді

Өмір Есқали

Үкіметтің қаулысымен облыстың үш білім шаңырағына осы өңірде туып-өскен, әлеуметтік-экономикалық, мәдени, рухани дамуына зор үлес қосқан танымал тұлғалардың есімдері берілді. Бұл туралы egeмен.kz тілшісі



хабарлады. Ел қастерлейтін тау тұлғалы азаматтардың бірі Жұмабек Тәшенов облыстық атқару комитетінің төрағасы қызметін атқарған кезеңде халыққа сіңірген еңбегі өлшеусіз. Бұдан былай Петропавл қаласындағы № 20 қазақ мектебі осындай қазақтың ірі тұлғасы, қоғам және мемлекет қайраткерінің есімімен аталатын

болды. Қалалық классикалық гимназия белгілі жазушы, драматург Сафуан Шаймерденовтің атын иеленді. Есіл ауданы Николаевка орта мектебіне белгілі ұстаз, білгір басшы, Ленин орденінің иегері Асқар Игібаевтың есімі берілді.